

Бекітемін:
Н.Н.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы
Әдіскері: Байт. Ж. Балтабаева
12 желтоқсан 2025 жыл

Білім беру ұйымы: «Ақбөбек» балабақшасы
Топ: «Жұлдыз» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жасстан
Педагогтың аты-жөні: Бунжаanova Т.Д

Тәрбиелеу - білім беру процесінің инклограммасы
Желтоқсан айы 2025 жыл 3 апта

Желтоқсан тәуелсіздік және отаншылдық айы

Отан, ел, туған өлке туралы білу
Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
Мемлекеттік тілді білу
Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.12.2025 ж	Сәрсенбі 17.12.2025ж	Бейсенбі 18.12.2025ж	Жұма 19.12.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі			
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Баланың өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайылдаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.			

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәрүменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.	
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Қауіпсіздік бағыты бойынша ойын Қауіпсіз – Қауіпті Шарты: Тәрбиеші түрлі жағдаяттық суреттерді көрсетеді (розетканы ұстап тұрған бала, жолдан өту, ыстыққа қол тигізу, тыныш ойнау, терезеге шығу, сіріңке, жаяу жүргінші жолы). Балалар суреттерді «Қауіпсіз» және «Қауіпті» деп екі топқа бөледі. Әр таңдауды балалар өз сөздерімен түсіндіреді. Соңында қауіпсіздік ережесі бірге қайталанады.	«Желдің күші» Міндеті: Балаларға желдің әсерін көрсету, табиғи құбылыстарды түсінуге жағдай жасау. Шарты: Балалар жеңіл заттарды (қауырсын, парак, мақта) үрлейді. Қайсысы тез қозғалады, қайсысы баяу бақылау жасайды. Эксперименталдық әрекет
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату	

	Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Желтоқсанайына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы			
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру			
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды кеудеге және желкеге қою, денені оңға-солға бұру, иықты түзету, тепе-теңдікті сақтау үшін жеңіл еңкею және созылу жаттығулары. Негізгі қимыл: Төрт тағандап	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға созып отыру және тұру, тепе-теңдікті сақтау, денені тік ұстау, баяу және жылдам қарқында отыру-тұру жаттығулары. Негізгі қимыл: Гимнастикалық саты бойымен өрмелеу, екі қолмен дұрыс ұстап	Музыка «Әуеннің көңіл-күйі» Ұйымдастыру кезеңі Амандасу шеңбері. Музыка тыңдау Көңілді және баяу әуенді салыстыру. Балалар қимылмен көрсетеді. Ән айту Әнді таза, сөздерді анық жеткізу. Көңілді ән – ойнақы, Баяу ән – созып айту.	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар: Алақанды жоғары қаратып қолды айналдыру, иықты бұру, денені тік ұстап созылу, қимыл үйлесімділігін дамытуға бағытталған қарапайым қимылдар. Негізгі қимыл: Құрсаудан еңбектеп өту, кедергілер

енбектеу, арқан астымен өту, еңбектегенде бағытын өзгертіп қозғалу. Қимылды ойын: «Жел мен бұлт» айналу, еңкею, қозғалыс бағытын өзгерту, тәрбиеші берген қарқынға бейімделу. Спорттық жаттығу: Шанамен жұппен сырғанау, бағытты басқару, тежеуді реттеп үйрену. Салауатты өмір салты: Суық тиюдің алдын алу, жылы киіну, серуеннен кейін құрғақтық пен жылулықты сақтау жайлы әңгіме. Вариативтік компонент Хореография Маман жоспарымен	«Менің Отаным – Қазақстан» Тіл дамыту әрекеті:	көтерілу, қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қимылды ойын: «Кім тез шығады?» жарыс элементтерімен, кедергілерден айналып өту немесе белгіленген нүктеге дейін жету. Шынықтыру элементі: Серуен кезінде терең дем алу, мұрын арқылы дем алып, ауыз арқылы шығару, тыныс ырғағын реттеу. Вариативтік компонент Хореография Маман жоспарымен	Қимылдар Қолды айналдыру, секіру, жүрелеп отырып тұру. Аспапта ойнау Асатаяқпен көңілді және баяу ритм соғу. Қоптасу Жұмсақ әуен	арасымен қозғалу, бағытын өзгертіп еңбектеу. Қимылды ойын: «Жолдан өт!» белгі бойынша жүру және тоқтау, бағдаршам түстерін ажырату элементтерін қосуға болады. Мәдени-гигиеналық дағды: Тамақ алдында қол жуу, ас құралдарын дұрыс ұстау және таза сақтау, үстел басында өзін дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Вариативтік компонент Хореография Маман жоспарымен	«Қазақтың салт-дәстүрі» Тіл дамыту әрекеті: Балалар «сәлемдесу», «қонақ күту», «наурыз	«Бакытты балалық шақ – менің елімде!» Тіл дамыту әрекеті: Балалар өз елінде өмір
--	---	--	--	--	---	---

	Балалар «Отан», «Қазақстан» сөздерінің мағынасын түсінеді, туған жері туралы әңгімелейді. Карта мен суреттерді карап, Қазақстанның көрікті жерлерін атайды. Көркем әдебиет әрекеті: М. Әлімбаевтың «Отан» өлеңін тыңдайды, қайталайды, мазмұнын түсінеді. Қазақ тілі әрекеті: «Менің елім», «Мен қазақтың» тіркестерімен сөйлем құрастырады. Жаңа сөздермен жұмыс: ел, ту, жер, аспан, күн. Математика негіздері әрекеті: Заттарды санау және реттікпен атау (1–5), ту суреттерін салыстыру.	туралы әңгімелеу, олардың мағынасын түсіндіру. Көркем әдебиет әрекеті: Өлең оқу: «Туымыз көкте желбіреп» (мәнерлеп айту, қайталау). Қазақ тілі әрекеті: «Ту – көк», «Қыран – аспанда», «Күн – жарық» сияқты сөйлемдер құрау. Математика негіздері әрекеті: Пішіндермен жұмыс: дөңгелек (Елтаңба), тікбұрыш (Ту), үшбұрыш (сәуле).	көже» сияқты дәстүрлер туралы әңгімелейді. Көркем әдебиет әрекеті: Қазақ ертегісін тыңдайды: «Алдар Көсе» немесе «Тазша бала». Кейіпкерлердің іс-әрекетін сахналайды. Қазақ тілі әрекеті: Жаңа сөздермен жұмыс: киіз үй, домбыра, дастарқан, қонақ. Сөйлем құрау. Математика негіздері әрекеті: Санап, ұлттық бұйымдарды топтау (ыдыстар, оюлар).	сүріп жатқанын, бейне өмірдің маңызын әңгімелейді. Көркем әдебиет әрекеті: Т. Молдағалиевтің «Мен қазақтың» өлеңін тыңдап, үзінділерін мәнерлеп айтады. Қазақ тілі әрекеті: Жұмбақтар мен мақал-мәтелдер айту: <i>Отан – отбасынан басталады. Туған жердің күні де ыстық.</i> Математика негіздері әрекеті: 5-ке дейін санау, балаларды топтарға бөлу (ту түстері бойынша).
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, кимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді,			

	бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Серуен	Желтоқсан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасакталған
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен

	қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы			
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-ролдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: Қазақстан картасымен танысады, қалаларды табады (Астана, Алматы, Шымкент). Сурет салу әрекеті: «Менің Отаным» тақырыбында сурет салу (тау, өзен, күн, ту). Мүсіндеу әрекеті: Пластининнен Күн мен Қыран бейнесін мүсіндеу. Жапсыру әрекеті: Қағаздан Қазақстанның туын жапсыру. Құрастыру әрекеті: Конструктордан «Менің қалам» (үй, жол, көпір) құрастыру.	Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: Қазақстан рәміздерімен танысу, олардың түсін, бейнесін талдау. Сурет салу әрекеті: «Қазақстан туы» суретін салу. Мүсіндеу әрекеті: Пластининнен елтаңбадағы бейнелерді мүсіндеу (жылқы, күн, қанатты пішін). Жапсыру әрекеті: Рәміздерді бейнелейтін аппликация жасау. Құрастыру әрекеті: «Рәміздер алаңы» макетін жасау (жалаушалар, тұғыр).	Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: Ұлттық киімдермен, ыдыстармен, ою-өрнек түрлерімен танысу. Сурет салу әрекеті: «Киіз үй» суретін салу. Мүсіндеу әрекеті: Пластининнен «Домбыра» немесе «Қазақ оюы» жасау. Жапсыру әрекеті: Ұлттық ою-өрнек аппликациясын жасау. Құрастыру әрекеті: Конструктордан «Киіз үй» немесе «Дастарқан басы» көрінісі.	Қоршаған әлеммен таныстыру әрекеті: Балалар Қазақстанда өмір сүріп жатқан түрлі ұлт өкілдерімен танысады (бірлік, достық туралы). Сурет салу әрекеті: «Бейбіт өмір» тақырыбында топтық сурет. Мүсіндеу әрекеті: Балалар «Достық шеңбері» композициясын мүсіндейді. Жапсыру әрекеті: Қазақстан картасын бейнелейтін аппликация – әр бала өз қаласын жапсырады. Құрастыру әрекеті: «Менің Қазақстаным» тақырыбында ел бейнесін легодан жасау (тау, өзен, күн, үй).

Балалармен жеке жұмыс	Көзайым мен жұмыс шығарма жанрларын (таппак, ертегі, әңгіме және тағы басқа) ажыратуға; - сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру.	Айназбен жұмыс шағын таппактар мен өлеңдерді жаттау; -тілдік қарым-қатынас мәдениетін дұрыс қолдану; -оқиғаны эмоционалды қабылдауға ынталандыру.	Яссауимен жұмыс геометриялық пішіндер туралы білімдерін нақтылау: дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. -Құрылыс материалдарынан құрастыруды үйрету.	Мәрлен мен жұмыс дәстүрден тыс сурет салуды (құмда саусақпен немесе таяқшамен, алақандарымен, асфальтта түрлі-түсті борлармен салуды үйрету.	Фаризамен жұмыс сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	«Қайықтар жүзеді» Міндеті: Кеңістікте қозғалу және тепе-теңдікті сақтау. Шарты: Балалар қолдарын жайып «қайықтар жүзуде» деп жүреді. «Толқын күшейді!» десе жүгіреді «тыныш теңіз!» десе тоқтайды		«Көңілді қаздар» Міндеті: Буын мен аяқ-қол бұлшықеттерін дамыту. Шарты: Балалар қаз болып иіліп қолдарын жайып тізені бүгіп “га-га” деп жүреді.	«Жел мен жапырақтар» Міндеті: Табиғат құбылысына еліктеу арқылы қимыл үйлесімділігін дамыту. Шарты: Балалар жапырақ секілді қолдарын жайып желмен ұшқандай айналып қозғалады.	«Қайықтар жүзеді» Міндеті: Кеңістікте қозғалу және тепе-теңдікті сақтау. Шарты: Балалар қолдарын жайып «қайықтар жүзуде» деп жүреді. «Толқын күшейді!» десе жүгіреді «тыныш теңіз!» десе тоқтайды

Серуспен оралу	Топка оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта қиетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).
Балалардың үйге қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоптасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут